


Блум таксономиясы оқыту нәтижелілігін бағалау әдістемесі ретінде

- 1.Б.Блум туралы не білесіз?**
- 2.Таксономия деген не?**



Блум таксономиясы



Бенджамин Блум
(1913-1999)

Блум, Бенджамин (ағыл. Benjamin Bloom) (1913-1999) – америкалық психолог, оқыту әдістерін зерделеген, «Блум таксономиясы» атауын алған жүйені құрушы.



1942 жылы Чикаго университетінде доктор дәрежесін қорғаған. 1965-66 жылдары Ағарту ісін зерттеушілер бірлестігінің президенті болған.

1960 жылдары Б.Блум кейіннен «Блум таксономиясы» деп аталып кеткен тұжырымдаманың негізін құраған екі монография басып шығарды:

- 1.Адами мінездемелер тұрақтылығы мен өзгеруі.
- 2.Білім мақсаттарын жіктеу.




Таксономия (грек. *táxis* — орналасу, құрылыс, тәртіп, *nómos* — заң).

Таксономия – олардың иерархиясын (белгілі бір құрылымдағы бірізділігін, реттілігін) құрастыру мақсатында берілген нысандарды нақты бір өлшемдер мен қағидалар бойынша жіктеу.

Таксономия – иерархиялық құрылымы бар күрделі ұйымдастырылған қызметті жіктеу (классификациялау) және жүйелеу теориясы.

Иерархия – тұтастың бөліктері мен элементтерінің жоғарыдан төменге қарай немесе төменнен жоғарыға қарай орналасу тәртібі.

Білімді игеруге бағытталған 6 қадам



1. БІЛУ

Таным мен ойлау деңгейі – төмен деңгей.

Бұл категория оқу материалын есте сақтау мен қайталауды білдіреді. Оқу материалы деп әртүрлі мазмұндағы ақпаратты (нақты фактілерден бүтін теорияларға дейін) атауға болады.

Бұл категорияның негізгі сипаты – қажетті мәліметтерді есте сақтау.

Білу мақсаты қойылғанда оқушылар сол материалдағы ұғымдарды, фактілерді, заңдарды, т.б. білімнің жетекші элементтерін еске сақтап, қайта айтып беруге тиісті.

2. ТҮСІНУ

Таным мен ойлау деңгейі – орта деңгей.

Оқу материалын түсінгендіктің көрсеткіші ретінде келесідей әрекеттерді атқаруды атауға болады:

- трансляция – яғни оқу материалын бір «тілден» екінші «тілге» ауыстыру (мысалы, сөзбен келтірілген мәліметті кесте, схемамен көрсету, т.б.);
- интерпретация – оқу материалын “өз сөзімен” түсіндіру, қысқаша баяндау;
- жорамалдау – оқу материалы бойынша әңгіменің әрі қарай не туралы болатындығын, оның салдары мен нәтижелерін болжау.

Түсіну деңгейінде оқушылар білім элементтерін еске сақтаумен қатар, жаңа материалды өз тіліне аударып, түсіндіре алуы, алған білімді стандартты жағдайда қайталап орындай алуы немесе болжам жасауы қажет.

- **Түсіну** деңгейінде оқушылар білім элементтерін еске сақтаумен қатар, түсіндіре алуы, алған білімді стандартты жағдайда қайталап орындай алуы, түрлендіре білуі қажет.
- **Түсінуі.** Жаңа материалда берілетін білімді түсінуі, өз тіліне аударып, түсіндіре білуі немесе болжам жасауы.
- **Түсіндіреді, айтады, көрсетеді, жазады.**

3. ҚОЛДАНУ

Таным мен ойлау деңгейі – орта деңгей.

Бұл категория оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолдануды меңзейді. Оқушы ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды практикалық тұрғыдан қолдануы қажет.

Оқу нәтижелері түсіну деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді.

Қолдану деңгейінде оқушылар бұрынғы білімін пайдаланып, жаңа жағдайда шешімдер қабылдап, өз ұсыныстарын жасайды, алған білімін өмірде пайдалануға бағыт алады.

4.

ТАЛДАУ

Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей.

Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу:

- бүтіннің бөліктерін ажырату;
- бүтіннің бөліктерінің арасындағы өзара байланыстарды анықтау;
- бүтіннің қалайша құралатындығын түсіну.

Бұл категория оқу материалының мазмұнын түсінумен қатар оның ішкі құрылысы қалайша құралатындығын білуді меңзейді.

- **Талдауы.** Алған білімді жіктеу, ең негізгі түйінін, идеясын бөліп ала білуі, яғни бүтінді бөліктерге жіктеу арасындағы байланысты айқындай білуі.
- **Ойланады, салыстырады, табады, талқылайды, ашады, ізденеді.**

5. ЖИНАҚТАУ

Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей.

Оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттағы бүтінді (нәтижені) құрастыру, яғни өз тәжірибесі негізінде жаңа мазмұн, модель, құрылым құрастыру.

Жұмыс және нәтиже түрлері:

- 1.Шығармашылық жанр (эссе, сурет, шығарма, өлең, шешендік сөз, сценарий, компьютерлік бағдарлама).
- 2.Жоспар құрастыру немесе тәжірибеден өткізу (мәлімет бойынша барлық білімді тиянақтап, оны бір жүйеге келтіріп, жоспар немесе кесте құру, тәжірибені жоспарлап, нәтижесін бақылау).
- 3.Абстрактылы ұғымдармен негізделетін нәтижелер (ғылыми гипотеза - болжау құрастырып, ұсыну).

Мұндай оқу нәтижелері жаңа мазмұн мен жаңа құрылымдарды жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды талап етеді.

6. БАҒАЛАУ

Таным мен ойлау деңгейі – жоғарғы деңгей.

Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру. Бұл деңгей тапсырмасында екі ұшты жауабы бар сұрақ қойылады. Оқушылардан пікірді жақтау немесе қарсы шығу талап етіледі.

Оқушы даулы және пікірталас туғызатын мәселелер бойынша шешім қабылдап, оны дәлелдеуі қажет. Оқушылар өз ойларын, идеяларын, пайымдауларын мазмұндап, оларды негіздеуі қажет.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІ БОЙЫНША ТАПСЫРМА ТҮРЛЕРІ

1. Білу

1. Географиялық карта дегеніміз не?

2. Түсіну

2. Неліктен географиялық карталарда таңбалар қолданылады?

3. Қолдану

3. Картадағы белгілерді пайдаланып, қаладағы үш ескерткішке бару маршрутын жаса.

4.Талдау

4. Саяси және физикалық карта түрлерін салыстырып, талдаңыз.

5. Жинақтау

5.15 географиялық элемент арқылы қиялдағы елді картаға түсіріңіз.

6. Бағалау

6. Қазіргі заманда оқушыларға географиялық картамен жұмыс жасау дағдылары керек пе? Ойыңды негізде.